



**Біз біргеміз!**



## 31 АҚТӨБЕЛІК БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Ақтөбе облысына іссапармен келген ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев өңірдегі су тасқынынан зардап шеккен Ойыл, Қобда, Темір және Мұғалжар аудандарында болып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Сондай-ақ салынып жатқан үйлердің қарқыны мен сапасын тексерді.

Қанат Бозымбаев ақтөбеліктерге табандылық пен шыдамдылық танытқаны үшін, сондай-ақ Мемлекет басшысының Үндеуін қолдаған кәсіпкерлерге алғысын білдірді. Облыс бойынша барлығы 4691 үй зардап шекті, оның 992-сі апаттық деп танылды. 3095 үй жөндеуге келеді, 475 үй мен пәтер сатып алынады және тағы 517 үй салынбақ. Тұрғын үйді сатып алу және салу шығындарының басым бөлігін демеушілер мен меценаттар өтейді. Облыс әкімі Асхат Шахаровтың айтуынша, «Қамқор-Ақтөбе 2024» қоғамдық қоры Ойыл ауданында — 175, Ырғыз ауданында — 134 үй тұрғызады. Қобда ауданындағы 147 тұрғын үйдің құрылысы Болат Өтемұратов атындағы қордың мойнында. Темір ауданында тағы 21 тұрғын үй «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражатына салынуда. «BI Group» компаниясы Әйтеке би ауданында — 26, Мұғалжар ауданында 14 үй салады. Eurasian Resources Group компаниялар тобы мен «Қамқор-Ақтөбе 2024» қоғамдық қоры зардап шеккендер-

ге баспана сатып алуға дайын екендіктерін білдірді. Бүгінде олардың өкілдері 31 отбасына пәтер кілттерін табыстады. Алғашқы 31 үйдің тұрғындарын қоныстоймен вице-премьер Қанат Бозымбаев пен облыс әкімі Асхат Шахаров құттықтады. — Біздің ата-бабаларымыз әр ауыртпалықтың артында жеңілдік бар деген. Ал төзімділік, жанашырлық, қиналғанға көмек көрсету — қазақтың қанында бар қасиет. Бүгінде үйсіз қалғандарға көмек беріп жатқандардың ісі — соның бір дәлелі. Президенттің Үндеуін жауапсыз қалдырмаған меценаттардың қолдауының арқасында облыстағы су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға пәтер сатып алынып, үйлердің құрылысы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ Ақтөбеде бүгін 31 отбасы жаңа баспана иесі атанып отыр. Жаңа баспаналарыңызда бақыт пен қуаныш көп болсын, — деді Қанат Бозымбаев. Баспаналы болғандардың бірі — Нұрлан Бектасов, тақсқын кезінде оның үйі мен дүние-мүлкі түгелдей суға кетіпті.

— Бұл күн біз үшін ерекше есте қалмақ. Үш ай бұрын бізді эвакуациялағанда, одан әрі жағдайымыз не боларын білмедік. Бүгін бізге қала орталығынан пәтер беріліп жатыр. Қиын кезде қол ұшын созып, демеу болған жандарға алғысымыз шексіз, — дейді ол. Облыс орталығындағы «Бұтақ» бау-бақша ұжымының тұрғыны Жарқын Қалаубаева жаңа үйінің кілтін алып тұрып, көз жасына ерік берді. Қиын күндерінің арта қалғанына сенетін ана сын сағатта қолдау білдірген жандарға ризашылығын айтты. — Осыдан екі ай бұрын су тасқыны болғанда қиын жағдайлар басымыздан өтті. Бәріміз зардап шектік. Ешкім далада қалмайды деп, әрбір тұрғынға қолдау көрсетіп жатқан президентімізге рақмет. Өңір басшыларына, қамқор азаматтарға рақмет. Аз ғана уақыттың ішінде баспаналы болып жатырмыз. Мұндай апат енді болмасын. Ел аман, жұрт тыныш болсын, — деді ол. Тұрғындардың қуанышыне куә болған вице-премьер жауапты тұлғаларға құрылыс қарқынын жеделдетуді тапсырды. — Алда көп жұмыс бар, кейбір аудандарда қосымша жұмыс күші мен техниканы екі есеге арттыру қажет. Тұрғын үйді қалпына келтіру мәселесі — Президенттің жеке бақылауында, — деді вице-премьер. Су тасқынынан зардап шеккендер үшін салынып жатқан тұрғын үйлерді мердігер ұйымдар жаз мезгілінің соңына дейін тапсыруға тиіс. Құрылыс барысын облыс әкімдігінің ресми сайтында онлайн режимде бақылауға болады.



М.ТАБЫН.

## АУДАНАРДАҒЫ ҚОНЫСТОЙ

Темір, Ырғыз, Мұғалжар және Әйтеке би аудандарының көктемгі су тасқынынан зардап шеккен тұрғындары Әлидар Өтемұратовтың DAR Charity қоғамдық қорының қаражаты есебінен сатып алынған жаңа үйлердің кілттерін алды. — 28 наурызда Жем өзені тасып, соның салдарынан үйіміз суға кетіп, тұруға жарамсыз болып қалып еді. Содан осы DAR қорының қолдауымен бізге Қандыағаш қаласынан өз ойымыздағыдай қолайлы үй алып беріп жатыр. Үйіміз өзіміздің ойымыздағыдай, жарық, кең, жайлы. Қорға көмек көрсетіп жатқаны үшін алғысым шексіз. Алла қаласа, көшіп келіп жатырмыз, — деді Мұғалжар ауданы Шенгелші ауылының тұрғыны Болат Махамбетов.

Қор сатып алған тұрғын үйдің орташа ауданы — шамамен 130 шаршы метр, ең кішкентай үйдің ауданы — 70 шаршы метр, ал ең үлкені — 183 шаршы метр. Зардап шеккен тұрғындар жаңа тұрғын үй таңдау процесіне тікелей қатысты. Барлығы 31 үй сатып алынды. — Басында жаңадан үй салуға келісіп едім, бірақ кейіннен өкімдік осы Әйтеке би ауданынан үй сатып алуға, екінші мүмкіндік берді, — деп ойын бөлісті Әйтеке би ауданы Т.Жүргенов ауылының тұрғыны Саматбек Сақтағанов. Естеріңізге сала кетейік, биыл сәуір айында DAR Charity қоры Ақтөбе облысының су тасқыны салдарынан үйлері толығымен қираған тұрғындарына көмек көрсетуге 500 млн теңге бөлген болатын.

М.САТАЕВА.

**Иман**

## ҚҰРБАН АЙТТАҒЫ САУАПТЫ ІСТЕР

Күллі мұсылман үшін ұлық саналатын Құрбан айт мерекесі биыл 16 маусымда басталды. Бүгін, 18 маусым — айт мерекесінің соңғы күні. Қасиетті мерекеде ақтөбеліктер құрбан шалып, сауапты іс жасады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының дерегіне сүйенсек, ислам дінінде қасиетті күндер, түндер ай фазасының өзгеруіне қарай есептеледі. 7 маусымда һижри жыл санауы бойынша зулхижжа айы басталды. Ал Арапа күні биыл 15 маусымға сәйкес келді. 16-18 маусымда Құрбан айт мерекесі атап өтіледі. Аталған мерекеге тән міндет — құрбан шалу. Құрбандыққа мал шалып, мұқтаж жандарға тарату, аз да болса садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу — сауапты іс. Сондай-ақ мұсылмандар құлшылық етіп, көбірек жақсы амалдар жасауға тырысқаны жөн. Құрбан айттың алғашқы күні барша қазақстандықтарды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтап, игі тілегін жолдады. «Құрбан айт құтты болсын! Бұл — имандылық пен мейірімділіктің, адамгершілік пен адалдықтың, жанашырлық пен жауапкершіліктің мән-маңызын арттыра түсетін мейрам. Барша мұсылмандар асыға күтетін қастерлі мерекенің тағылымы зор. Құрбан айтта, ең алдымен, сауабы мол игі амалдар жасалып, елді ізгілікке

бастайтын құндылықтар кеңінен дәріптеледі. Сол арқылы халқымыздың рухани тұтастығы нығая түседі. Ата дініміздің ұлағаты біздің салт-дәстүрімізбен тығыз сабақтасып жатыр. Халқымыз қашанда қиындыққа тап болған жандарға қол ұшын беріп, көмегін аямаған. Көктемдегі алапат тасқын кезінде жұртымыздың осы асыл қасиеті айқын көрінді. Біз ырысты ынтымағымыздың арқасында кез келген қиындықты жеңеміз. Айттан айтқа аман-есен жете берейік!» — деді Мемлекет басшысы. Айта кетейік, биыл құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізу үшін qurban2024.kz сайты іске қосылды. Айт мерекесін Ақтөбе өңірінің халқы ерекше атап өтті. Құрбандық шалған азаматтар ең алдымен жетім-жесірлер мен су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға көмек көрсетті. Облыстың бас имамы Серікжан Еншібайұлының айтуынша, мерекеде облыс бойынша 2400-ден астам отбасына, сондай-ақ 18 қоғамдық ұйымға 17 тонна ет таратылған. Сондай-ақ М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті жатақханасында уақытша тұрып жатқан 57 отбасына ет және азық-түлік себеті

үлестірілген. Осы отбасылардың 200 баласына тәттілер мен балмұздақтар берілген. — 16 маусым күні айт намазы таңғы сағат 6.30-да басталды. Оған облыс бойынша 45 мыңдай адам қатысты. Одан кейін өңірдегі барлық мешіттің жанында ұлттық спорт түрлерінен, атап айтсақ, қой және ірі көтеру, арқан тартыстан жарыс өтті. Ал Мұғалжар, Шалқар аудандарында ат байға, көкпар тарту ұйымдастырылды. Бүгін де спорттық іс-шаралар жалғасып жатыр. Ал құрбандық шалуға келсек, облыс орталығында бұл орайда бес арнайы мал сою орны белгіленді. Қала тұрғындары сол жерлерге барып, мал сойып, мұқтаж жандарға үлестірді. Ет үлестіру шаралары қаламызда әлі жалғасуда. Мәселен, қазір бізге мұқтаж жандардан онлайн түрде өтініштер түсіп жатыр. Тіпті qurban2024.kz сайты арқылы мұқтаж адамдардан өтініштер келуде. Мысалы, екі күннің ішінде сайт арқылы 110 адамнан өтініш түсті. Одан кейін мешітке мыңдаған адам келіп, өтініш қалдырды. Біз оларға құрбандыққа шалынған мал өтіп теңдей өтіп таратып береміз, — дейді Серікжан Еншібайұлы. Айта кету керек, айт мерекесінде облыстық орталық «Нұр Ғасыр» мешітінде «Зекет және қайырымдылық» қорының ұйымдастыруымен «Тайқазан» қайырымдылық шарасы өтті. Онда құлшылық үйінің тізімінде тұрған әлеуметтік жағдайы төмен 100 отбасына жарты тонна азық-түлік себеті үлестірілді. Игі шарада облыстың бас имамы қайырымдылық көрсеткен азаматтарға жұртшылық атынан ризашылығын жеткізіп, батасын берді.

Д.АЙДАР.

**Цифрланғыру**

## ҮЛКЕН ЖОЛДАРҒА ИНТЕРНЕТ ТАРТЫЛАДЫ



Сондай-ақ Ақтөбеде 5G стандартына сай келетін 16 базалық станция қосымша орнатылады. Бұл облыс орталығының тұрғындарын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етеді. Ақтөбе облысында интернет сапасын арттыру, коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жаңа цифрлық өнімдерді енгізу мәселелері облыс әкімі Асхат Шахаровтың қатысуымен өткен жиында талқыланды. Кездесуге байланыс операторлары шақырылды. Жиында облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Әсет Отарбаев қалалар мен ауылдарды жоғары жылдамдықты интернетке қосу бойынша ауқымды жұмыстарды қарастыратын 2024-2027 жылдарға арналған «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын жүзеге асыру, республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту және 5G интернет желісін іске қосу туралы баяндады. — Ақтөбеде байланыс сапасын арттыру мақсатында 60 жаңа және 160 базалық станция жаңартылды. Жылдың соңына дейін 4G стандартымен жұмыс істейтін 130 базалық станциясын орнату жоспарлануда. Оның 40-на — «КаР-Тел»

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 90-на «Кселл» акционерлік қоғамы жауапты. Сондай-ақ Ақтөбеде 5G стандарттың 28 базалық станциясы орнатылған. Жыл соңына дейін тағы 16-сы орнатылады, осылайша біз қала аумағын жоғары сапалы мобильді интернетпен қамтимыз, — деді Әсет Отарбаев. Өңірде «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында үздіксіз ұялы байланыс пен мобильді интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында антенналық-дінгек құрылымдарын салу жоспарланып отыр. 9 ауданда АЖЖ орнату үшін 17 пункт анықталды. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге келісімдер жасалды. Қыркүйек айында құрылыс-монтаж жұмыстарына республикалық бюджеттен қаражат бөлуге бюджеттік өтінім беру және 2025 жылдың ақпанында жұмысты бастау жоспарлануда. — Сондай-ақ Самара-Шымкент республикалық тасжолының 521-571 шақырымы және Ақтөбе-Орск 51-69 шақырымы уақселерінде ұялы байланыс пен интернетке қосылу жұмыстары жүргізілуде. Іске қосу биылға жоспарланған, — деді Әсет Отарбаев. Бүгінде облыста 312 ауыл

бар. Оның ішінде 239 елді мекен мобильді интернетпен қамтылған, бұл — ауылдың 76,6 пайызы немесе ауыл халқының 94,7 пайызы. Жыл басынан бері Алға ауданындағы Жерулық, Әйтеке би ауданындағы Ұлғайсын, Ойыл ауданындағы Бестамақ, Шикүдық, Шалқар ауданындағы Сарсай, Кеңдала ауылдары интернет желісіне қосылды. Жыл соңына дейін тағы 40 ауылды қосу жоспарланып отыр. 2025 жылы облыстағы барлық елді мекен толық интернетпен қамтылуға тиіс. Қазірдің өзінде 61 ауылға оптикалық байланыс желісі тартылып, 2024-2027 жылдарға арналған «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында облыстың 192 елді мекенінде талшықты-оптикалық желі тартылады. Кездесу барысында Асхат Шахаров Beeline байланыс операторына қатысты оқпалықтарды атады. — Алтын Орда шағын ауданындағы ұялы байланыс мәселесі неге шешілмеді? Жаңа аудан салынып, ол жерге көп адам көшіп жатыр, алайда ұялы байланыс сапасы әлі де сын көтермейді. Дереве осы мәселемен айналысыңыздар. Халық сапалы қызмет алуы керек. Оның үстіне сіздердің байланыстарыңыз да арзан емес, — деп тапсырма берді аймақ басшысы Beeline байланыс операторының өкіліне. Асхат Шахаров облыста ұлттық жоба аясында жоспарланған жұмыстарды уақытында жүзеге асырып, тұрғындарды жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді тапсырды. — Жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділік тек қала мен ауылдарда ғана емес, сонымен қатар облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында да болу керек. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының арқасында біз бұл мәселелерді шеше аламыз. Бүгінде ұялы байланыс пен жоғары жылдамдықты интернеттің болуы — халықтың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды факторы. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жандандыруымыз керек, — деп түйіндеді облыс әкімі Асхат Шахаров.

А.МӘЛІКҚЫЗЫ.